



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Таным философиясы



Монтеньнің скептицизмі мен оған Декарттың берген жауабы. Картезиандық күмәндану

Скептицизмнің XVI ғасырда қайтадан кең таралуына бірнеше фактор ықпал етті. Түрлі христиан секталары арасындағы қақтығыстар, мәдениеті мен діні әртүрлі жаңа халықтардың пайда болуы түрлі ішкі қақтығыстар мен құдалаудың өрши түсуіне тікелей әсерін тигізді. Бірақ мұндай жанжалдар кейбір ойшылдардың кез келген адами жүйенің шындыққа қол жеткізу мүмкіндігі туралы тұжырымдарға күмәнмен қарауына себеп болды. Секст Эмпирик секілді ежелгі ғұламалардың скептикалық еңбектерінің қайта ашылуы адамның когнитивтік қабілетінің дәлелді екеніне қарсы қойылған дәйек болды. Жаңа скептицизмнің шебер баяндалуын Монтеньнің «Раймонд Себондтың апологиясы» еңбегінен табуға болады.

Секст сияқты, Монтень де скептицизмнің ең қатаң формасын таңдап, Александр Македонский заманында өмір сүрген, «ештеңені танып-білу мүмкін емес» деп жариялаған аты аңызға айналған Элидалық Пирронның құрметіне аталған пиррондық скептицизмді таңдады. Монтеннің сезім мен зерденің қателігін көрсету үшін қолданатын мысалдарының көбі Сексттің еңбектерінен алынған. Бірақ өз пайымдаулары барысында пайдаланған классикалық үзінділерді келтіру үшін Монтень Эпикурдің латындық ізбасары Лукрецийдің «Заттар табиғатына» жүгінеді. Бұл – Қайта өрлеу дәуірінің тағы бір ұлы жаңалығы.

Классикалық латын кезеңі философиясының ең ықпалды екі бағыты – эпикуршілдер мен стоиктер. «Эпикуршілдер егер сезім сенімді болмаса, онда таным ұғымы туралы сөз етудің керегі жоқ деп тұжырымдады», – дейді Монтень. Ал стоиктер «таным деген зат бар болса, ол сезім арқылы келмейді, себебі толығымен дәйексіз» дейді. Секст сияқты, Монтень де сезімдердің қате екенін дәлелдеу үшін стоиктердің дәйектерін, ал эмпирикалық емес білімдердің мүмкін еместігін көрсету үшін – Эпикурдің дәлелдерін қолданады. Ол әр бағыттың теріс дәлелін қолдана отырып, оларға қарсы шығады және нақты білім ұғымының жоқ екенін дәйектеуге ұмтылады.

Сезімдердің бізді адастыратынын аңдату үшін Монтень таныс дәлелдерді қайталайды. Квадрат мұнаралар алыстан дөңгелек болып көрінеді, көз жанарының қысымы адамның көру қабілетін бұзады, сары ауру барлық заттарды сары түсте көруге мәжбүр етеді, кемедең қарағанда таулар біздің қасымыздан өтіп бара жатқан сияқты сезіледі және т.б. Екі сезім біріне қарама-қайшы келгенде, айырмашылықты сезінудің ешқандай тәсілі жоқ.

Сезім мен ақыл білімге қол жеткізу үшін екеуі бірге қызмет етіп, бірі екіншісін қолдамайынша, жалғандыққа ғана тап болмақ. Ақыл бізге «мына тақтай жүріп өтуге жарайтындай жалпақ» десе де, біз биік жерден төменге қарағанда бойымызда пайда болатын қорқыныш сезімі шыңыраудан тақтай арқылы өтуге кедергі жасайды. Екінші жағынан, өз еркіміздегі құштарлық сезіміміздің көмегімен қабылдайтын нәрселерге әсер ете алады.

Әртүрлі және қарама-қайшы әсерлеріміз бен наным-сенімдеріміздің жігін айыру үшін бізге қандай да бір өлшем-критерий қажет. Бірақ мұндай критерийдің болуы мүмкін емес. Кез келген білікті қазы өзінің не католик, не протестант болуына байланысты, католиктер мен протестанттардың арасындағы келіспеушіліктерді шешу үшін әділ төреші бола алмайтын сияқты, бір де бір адам жас пен қарттың, сау адам мен аурудың, ұйқыдағылар мен ояулардың тәжірибелері арасындағы қарама-қарсылықтарды реттей алмас еді:

«Объектілерден алатын құбылыстарға баға беру үшін бізге қандай да бір бағалау құралы қажет; мұндай құралды сынақтан өткізу үшін бізге эксперимент керек; экспериментті тексеру үшін қандай да бір құрал қажет: біз осылайша тұйық шеңбердің бойымен айналып жүре береміз», – дейді Монтень.

Монтень ежелгі скептицизм қорына ерекше жаңалық қосады. Өзінің сүйікті тақырыптарының біріне оралған ол кейбір жануарлар мен құстардың сезу қабілеті біздікіне қарағанда жіті екеніне назар аударады. Оларда бізге мүлдем жетіспейтін сезімдер де бар шығар (мәселен, әтешке қашан айқайлау керектігін білдіретін ішкі сезім). Біздегі белгілі бес сезім – ие бола алатын сезімдеріміздің аз ғана бөлігі. Олай болса, ақиқатпен салыстырғанда, біздің Ғаламға деген көзқарасымыз – соқыр болып туған адамның көру қабілетіне ие адаммен салыстырғандағы көзқарасы сияқты.



Декарттың жауабы

Кейде «Алғашқы философия туралы толғаныстар», кейде «Метафизикалық толғаныстар» деп аталатын Декарттың еңбегінде ол өзінің алдына философияны алдыңғы жүзжылдықта пайда болған скептицизм қаупінен азат ету міндетін қойды. Ол үшін алдымен өзі теріске шығарғысы келген скептикалық ұстанымды көрсетуге тура келді. Алғашқы «Толғаныста» ол Монтеньнің ізімен жүреді, бірақ дәлелдерін біршама өткір және мұқият формада баяндайды. Сезімдердің еркіндігіне әуелі олардың алдамшылығынан алынған сараптау, сонан соң түс көруден алынған дәйек күмән келтіреді. Тіпті қиялдар да нақты дүниеден алынған элементтерден тұрады:

«Айталық, мен қиялдап жатырмын, сондықтан көзімді аштым, басымды шайқадым, қолымды тартып алдым деген егжей-тегжейлі нәрселер дұрыс емес; менде осындай қол да, осындай дене де жоқ дейік; бірақ не десек те, түсімізде көрген заттар – суретте бейнеленген елестер, нақты дүниедегі объектілерге ұқсас болмаса, қалыптаса алмайтын сұлбалар сияқты екенін мойындау қажет, яғни ең құрығанда осы жалпы заттар – көз, бас, қол, дене елестетілген емес, нақты өмірде бар объектілер болуы тиіс».

Бұлар алдамшы жиынтықтар болуы да мүмкін; онда осы денелерді құрайтын қарапайымдау элементтер: кеңею, форма, өлшем, сан, орын, уақыт – міндетті түрде нақты болуы керек. Егер солай болса, біз бұл объектілерді зерттейтін арифметика және геометрия ғылымдарына сене аламыз. «Мен ояумын немесе ұйықтап жатырмын, екіге үшті қосқанда бес болады, квадраттың тек төрт қабырғасы бар деген айқын ақиқаттарға жалған деп күмәндану мүмкін емес сияқты», – деп сендіреді Декарт.

Алайда тіпті математиканың өзі де Декарттың күмәндануынан тыс қалмады. Ол аз десеңіз, математиктер кейде қателеседі: тіпті бүкіл пәннің өзі адасу болуы ықтимал. Құдай құдіретті, екіге үшті қосып немесе квадраттың қабырғаларын санай бастағанымызда-ақ ол бізді басқа жаққа бұрып жібере алатынын білеміз. Бірақ, әрине, мейірімді Құдай бұлай етпес еді. Декарт бұл ойын былай жеткізеді:

«Мен ақиқаттың бастауы, қайырымды Құдай бар деп ойламаймын, мықты және ақылды, мені алдау үшін қолынан келгеннің бәрін жасаушы өте жоғары деңгейдегі залым рух бар деп есептеймін. Аспан, ауа, жер, бояулар, формалар, дыбыстар және барлық сыртқы объектілер – бұлардың көмегі арқылы осы рух менің сеніміме қақпан құратын елес түстер ғана деп ойлаймын. Мен қолым да, көзім де, денем де, қаным да, сезімдерім де жоқ, тек қана осылардың бәріне иемін деген жалған сенім бар деп есептейтін боламын».

Екінші «Толғаныс» осы күмәндарды соңына дейін жеткізіп, Декарт оның көмегімен өзінің өмір сүретінін дәлелдейтін атақты дәлелдеме – Коджитоны (Cogito-ны), яғни ойлауды дүниеге әкелді. Алайда залым рух оны алдай алмайды:

«Егер ол мені алдаса, менің өмір сүріп отырғаным күмәнсіз. Ол қаншалықты алдай алса, соншалықты алдасын. Ол менің ештеңе екенім туралы тұжырымды ешқашан жасай алмайды. Мен ойлау қабілетімді сақтап отырғанда мен әлі де болса бірдеңемін. «Мен өмір сүріп отырмын» деген ойдың шын болмауы мүмкін емес; алайда мен осы туралы ойланбасам, оған күмәндана алмаймын. Демек, ол – ақиқат қана емес, күмәнсіз де, себебі оған күмәндануға талпыныс жасаған сайын, мен оның ақиқат екенін көремін», – дейді Декарт.

Ойлау – Декарт эпистемологиясының іргетасы. Сол кезден бастап, қазірге дейін сыншылар оның қаншалықты мығым екеніне күмәнданумен болды. «Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін» тұжырымының негізді дәйек екені шүбәсіз, оның дұрыстығы ақылмен бір шолғанда-ақ қабылданады. Алайда «мен жүремін, демек, өмір сүремін» де осындай ғой: сонда Cogitoның ерекшелігі неде? Декарт: «Мен жүремін» деген түпкі пайымды күмәндану елегінен өткізуге болады, мысалы, мүмкін, «менің денем жоқ шығар?» деген сияқты, алайда «мен ойлаймын» деген ұғымның түпкі пайымына күмәндануға болмайды, себебі күмәнданудың өзі – ойлау», – деп жауап береді. Екінші жағынан, «мен ойлаймын, демек, өмір сүремін» – cogitoның өте қолайлы формасы: түпкі пайымда айтылған ойлау – мен өмір сүріп отырмын деген тек қана өзіндік рефлексия ойы емес, кез келген түрдегі ой болуы мүмкін.

«Мен өмір сүремін» тұжырымындағы ең маңызды мәселе – «Мен». Күнделікті өмірде бірінші жақ есімдігі оны айтатын денемен байланысты қарастырғанда ғана мәнге ие болады.



«Менді» өзімен-өзі іштен сөйлескенде қолдану құқына ие денесінің бар екеніне біреу күмәндана ма? Мүмкін, Декарт «Сол жерде ойлау жүріп жатыр» деп айтуға құқылы болған шығар? Осыған ұқсас сұрақтар «Мен өмір сүремін» тұжырымындағы «Менге» қатысты туындауы ықтимал. Мүмкін, тұжырым «өмір сүру жалғасып жатыр» ғана болуы керек шығар? Сыншылардың пікірінше, күмәнданушы Декарттың тұрақты, маңызды «Мен» туралы тұжырым жасауға құқы болған жоқ. Мүмкін, ол тез өтіп кететін ой туралы немесе тіпті иесі жоқ ойлардың болуы мүмкін екені жөніндегі уақытша мәселеге келуі тиіс пе еді. Ол күмәндану әдісі арқылы айқындалған «Меннің» «Рене Декарт» деген есімге күмәнданбай жауап берген адам екеніне сенімді ме?

Тіпті өзінің шарттарына сүйенгенде де, *cogito* Декарттың адам ретіндегі тұтас болмысын дәлелдей алмайды. Бұл оның ақыл-ойының ғана өмір сүріп, бар болып отырғанын өзінен-өзі айғақтайды. *Cogito*-дан соң Декарт өзінің денеге ие екеніне күмәндануды жалғастырады және бірталай пайымдаулардан кейін ғана денесінің шынында да бар екені туралы тұжырымға келеді. Ол ылғи да білетін нәрсе ақыл-ойының мазмұнын құрайды, ғылымды ол дәл соларға сүйене отырып, қайта қалпына келтіруі тиіс. Декарт *cogito*-дан өзінің бар болып отырғанынан әлдеқайда көп нәрсе алды: өзіндік мәнін; Құдайдың бар екенін; ақиқаттың критерий-өлшемі. Бірақ қазіргі мақсатымыз үшін маңыздысы – біздің ойымызша, скептикалық дәлелдер теріске шығарған когнитивтік жүйені қайтадан қалпына келтіру үшін оның осы Архимед нүктесінен қалай бастау алатыны.

Осы тұста біз Картезиандық күмәндану туралы бірер ауыз сөз айтып кетсек.

Біздің ақыл-ойымыздың мазмұны – ойлар. Декарт ойды өте кең қолданады, менталды арифметиканың бөлшегі, сексуалды қиялдау, тістің өте қатты ауруы, Маттерхорнның көрінісі немесе классикалық шараптың дәмі – осының бәрі оның терминологиялық ойларында жинақталған. Декарттың пікірінше, ойлау тек интеллектуалдық пайымдауды ғана емес, адамның еркін таңдауын, эмоцияларын, ауруын, ләззатын, интеллектуалдық түсініктері мен түйсіктерін қамтиды. Осы элементтердің бәрін біріктіріп, ойға айналдырып тұрған ерекшелік – олардың сананың элементтері екені. «Біз бірден саналы болуымыз үшін, ішкі дүниеміздегінің бәрін қосу үшін мен осы терминді қолданамын. Сөйтіп, еріктің, зерденің, елестетудің және сезімдердің барлық іс-әрекеттері – ойлар болып саналады. Тіпті сезімдер мен елестетулердің сыртқы объектілері өмір сүрмеген күнде де олар ойлаудың жай ғана тәсілдері болып есептелетін, мен түйсіктер мен түсініктер деп атайтын ойлау тәсілдері менің бойымда өмір сүреді». Демек, бұл ойлар – Декарт гносеологиясының негізгі сипаттамалары.

Мына бір үзінді Декарттың «ой» деген сөзді кез келген саналы тәжірибеге қолданатынын өте айқын көрсетеді:

«Мен түйсіктерге иемін немесе материалдық объектілерді сезімдерім арқылы қабылдаймын. Сөйтіп, мен қазір жарықты көріп, шуды естіп тұрмын, жылуды сезініп отырмын. Бұл объектілер нақты өмір сүріп отырған жоқ, себебі мен ұйықтап жатырмын; бірақ мен, ең аз дегенде, көремін, естимін, жылынамын. Мұның нақты өмір сүрмеуі мүмкін емес, бұл – менің түйсігім деп дұрыс аталған нәрсе; дәл осылай қарастырылатын әрі қарайғы түйсік – ойдың әрекетінен басқа ештеңе де емес», – деп түсіндіреді Декарт.

Дене болмаған күннің өзінде де бар сияқты сезілетін бұл түйсіктер – философтар кейін «сезім дерегі» деп атаған нәрсе. Декарт жүйесінің өміршеңдігі осындай ұғымға когеренттік мағына беру бола ма деген мәселеге байланысты.

Үшінші «Толғаныста» Декарт ойлардың маңызды тобын бөліп көрсетіп, оларға «идеялар» деген атау береді: «менің ойларымның кейбірі объектілердің бейнелері сияқты, ал кейбірі өздігінен «идеялар» деп дұрыс аталады – мысалы, мен адам немесе құбыжық, аспан, немесе періште немесе Құдай туралы ойлағанда. «Идея» сөзін енді үйде әдеттегі тілде қолданып жүрміз, алайда бұл Декарт адам санасының мазмұны үшін қолданғаны сияқты жүйелі түрде пайдалануға көшуге қажетті жаңа шегініс болды: философтар осыған дейін оны әдетте Платонның формаларын немесе Құдай санасындағы архетиптерді белгілеу үшін қолданып келді. Жалпылама айтсақ, енді біз «Декарт идеяларды сөздердің менталдық көшірмесі деп есептеді» дей аламыз. Оның сөзіне қарағанда, «Осы сөздер белгілеп тұрған нәрсенің идеясы менің ішкі дүниеде бар екеніне сенімді болмасам, ештеңені де сөзбен жеткізе алмаймын».

Декарт идеяларды үш топқа бөледі: «менің идеяларымның кейбірі туа біткен, кейбірі – уақыт өте қалыптасқан, ал кейбірі – менің ойлап тапқаным сияқты». Туабітті идеялардың



мысалы ретінде Декарт зат, ақиқат және ой идеяларын ұсынады. Декарт шуды естіген, күнді көрген немесе оттың жылуын сезінген сияқты болған кезде туындайтын идеялар сыртқы объектілерден пайда болады. Екінші жағынан, бөртегүл мен гиппогриф идеялары Декарттың ойлап тапқаны секілді көрінеді. Эпистемологиялық саяхаттың осы кезеңінде мұның бәрі, бір қарағанда ғана жіктеу болуы мүмкін, себебі Декарт өзінің санасында пайда болатын бұл идеялардың қайдан шыққаны туралы әзірге ештеңе білмейді. Атап айтқанда, ол «уақыт өте қалыптасқан» идеялардың сыртқы объектілерден туындайтынына кепіл бола алмайды. Солай болған күнде де, ол идеяларды туындататын объектілердің де идеяларға ұқсайтынына сенімді емес.

Алайда Декарттың санасынан тыс пайда болатын бір идея бар. Ол «мәңгі, бәрін шексіз білетін, құдіретті және өзінен тыс өмір сүретіннің бәрін жаратқан» Құдай идеясы. Оның идеяларының басым көпшілігі – ой, субстанция, ұзақтық, сан сияқты идеялар – оның өзінен туындайды десек те, шексіздік, тәуелсіздік, ең жоғары ақыл-ой және күш атрибуттары оның өзі сияқты шектеулі, тәуелді, надан, өмір ұрығын себуге қабілетсіз тіршілік иесі туралы пайымдаулардан туындай алмайды. Құдай туралы түсінікте біріктірілген кемелдіктердің оның өз бойынан таба алатын қасиеттерінен асып түсетіні соншалық, бұл идея оның өзі ойлап тапқан идея болуы мүмкін емес. Осыған сәйкес, Декарт өзінің Ғаламда жалғыз еместігі туралы қорытынды жасай алады: оның идеясына сай келетін Құдай да бар. Құдайдың өзі осы идеяның бастауы және оны Декарттың бойында туа біткеннен қалыптастырды:

«Бұл дәлелдеулердің бәрі мынаған келіп тіреледі: егер Құдай іс жүзінде жоқ болса, мен де Құдайдың идеясынсыз өмір сүрмеген болар едім; Құдайдың өзі, бұл жерде өзінің идеясын маған берген Құдай туралы айтып тұрмын – мен жете алатын, бірақ түсінуге өрем жетпейтін кемелдіктердің бәріне ие болуы тиіс және оның ешқандай кемшілігі болмауы керек».

Сонымен, Құдай – Декарт мойындайтын ойлаудан тыс жатқан алғашқы тіршілік етуші, ол ғылым ғимаратын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. «Құдайдың кемшіліктері болмағандықтан, – деп тұжырымдайды Декарт, – оның өтірікші болуы мүмкін емес, себебі алдау немесе алаяқтық алдаушының қандай да бір кемшілігінен пайда болады». Құдай алдаушы емес деген принцип – Декарттың бізді скептицизмнің шытырманынан алып шығуына мүмкіндік беретін жіп.

Айқындығы мен анықтығы соншалық, ақыл оларға назарын шоғырландырған сәтте еш күмәнданбайтын кейбір ақиқаттар бар. Алайда біз ойымызда қандай да бір тақырыпты ұзақ ұстап тұра алмаймыз; көбіне есімізде жай ғана сақталатыны – нақты пікірді айқын да анық қабылдағанымыз. Бірақ енді біз Құдайдың алдаушы еместігін білгендіктен, айқын да анық қабылдағанымыздың бәрі – ақиқат деп тұжырымдай аламыз. Біздің нақты өмір сүріп отырғанымыз секілді тек бір сәттік интуицияларға ғана емес, арифметика мен геометрия сияқты априори ғылымдардың бәріне сенімді болуға құқымыз бар. «Олар біздің ояу екенімізге немесе ұйықтап жатқанымызға қарамастан, дұрыс және айқын болып қала береді» деп тұжырымдайды Декарт. Осылайша ол өз денесінің бар екеніне және сыртқы дүниенің өмір сүріп отырғанына теориялық жағынан аса сенімді болмаса да, бұл ғылымдарды өзінің танымдық құндылықтарының қатарына қоса алады. Дүниеде үшбұрыш формасына ие бірдеңенің бар немесе жоқ екенін білмей тұрып, ол үшбұрыштар туралы білімге ие бола алады.

Алтыншы «Толғаныстан» кейін ғана Декарт материалдық заттардың және өзінің денесінің бар екенін дәлелдеп, оған көңілі толды. Ол біздің назарымызды зерде мен елестетудің арасындағы айырмашылыққа аударады. Геометрия – зерде қызметінің жемісі және геометрия бойынша біз, мысалы, мың қабырғасы бар көпбұрыш пен миллион қабырғалы көпбұрыштың арасындағы айырмашылықты айқындай аламыз. Алайда біз елестетудің көмегімен чилиагонның, яғни мың бұрыштың немесе майриагонның, он мың бұрыштың ойша айқын көрінісін ол үшбұрыштың немесе бесбұрыштың бейнесін туындататындай етіп жасай алмаймыз. Елестету күші міндетті емес, ол сана үшін маңызды болып есептелетін зерде күшіне қосымша ретінде беріледі. Осы қосымша күштің болуын түсіндірудің бір тәсілі – қандай да бір дененің санамен тығыз байланысын негіз етіп алу. Елестету мен түсінудің арасындағы айырмашылық мынадай болады: «Түсіну барысында ақыл назарын өзіне бұрып, өзінде бар идеялардың бірін қарастырады; елестету барысында ол тәнге көңіл аударып, өзі түсінген идеяны еске салатын әлденені бақылайды». Алайда бұл орайда ол – ықтимал гипотеза ғана.



«Маған Құдай олардың қайдан пайда болатынын түсіну қабілетін берген жоқ; екінші жағынан, ол маған бұл идеялардың материалдық объектілерден туындайтынына сенуге мықты бейімділікті берді; сондықтан олар іс жүзінде материалдық объектілерден емес, басқалардан пайда болса, мен Құдай алдаушы емес деп айтуға негіз таппай тұрмын. Сондықтан материалдық объектілер бар болып, өмір сүруі тиіс» .

Құдай алдаушы емес, табиғатты жаратушы болғандықтан, табиғат үйреткен нәрсе – ақиқат. Бізге табиғат үйрететін екі негізгі нәрсе бар:

«Менде тәннің бар екенінен артық табиғаттың айқын дәлелі жоқ; мен жарақат алғанда, тән ауырсынады; мен аштықты немесе шөлді сезінгенде, оған тамақ немесе сусын қажет және т.с.с.

Одан бөлек, табиғат менің тәнімді басқа денелердің қоршап тұрғанын, олардың кейбіріне ұмтылып, кейбірінен қашуым керектігін үйретеді. Бояулардың, дыбыстардың, иістердің, қолдаудың, қаталдық деңгейлерінің көптігінен, осы түрлі сезімдік қабылдаулар пайда болатын денелерде оларға ұқсас болмаса да, соларға сәйкес әртүрлілік бар деген тұжырым жасауға, әрине, құқылымын».

Алайда бізге табиғи болып көрінетіннің бәрін бірдей іс жүзінде табиғат бере бермейді және Құдайдың әділдігі кепіл бола алмайды, сондықтан келтірілген үзіндіде «оларға ұқсас болмаса да» деген ескерту бар. Біз айқын да анық қабылдаған нәрсені ғана табиғат үйретеді, сол себепті, біз ақиқатқа жеткіміз келсе, көзқарастарымызды осы шегаралар аясында мұқият шектеуіміз қажет. Дәл осылай ғана материалдық объектілер туралы мықты ғылым құрастырылып, ол Аристотельдің ескі физикасының орнын баса алады.

Бүгінде көп философтар Декарттың гносеологиясына илана бермейді, себебі, олардың ойынша, Құдайдың бар болуы – ол кепілдік беруге тиіс күнделікті және ғылыми ақиқаттардан гөрі әлдеқайда күрделі мәселе. Қазіргі заманғы сыншылардың әрқайсысы оның дәлелдеу әдісіне қарсы шығуды өздеріне бақыт санар еді, бірақ олардың бір де бірі Құдайдың бар екеніне күмәндануға дайын болмады. Алайда Декарт өз ғылыми жүйесін Құдай әділеттілігінің негізінде қалыптастыру әдісін қорғауға тиіс болса, оның алдынан шығатын әртүрлі екі іргелі қарсы пікір болды.

Біріншіден, егер Құдай алдаушы болмаса, мен неге үнемі адасуға тап бола беремін? Бойымда бар қабілеттерді маған әділетті Құдай берді; олар мені қалай адастыра алады? Декарттың жауабы мынадай – дұрыс қолданылған қабілеттер бізді ешқашан жолымыздан бұрып, адастырмайды. Менде бір қабілет бар – зерде, ол заттар мен ақиқаттарды қабылдауды ұсынады; тағы бір қабілетім – ерік, оған сүйене отырып, мен пікірдің ақиқаттығын немесе жалғандығын бағалай аламын. Егер мен еріктің пайымдауын зерденің айқын да анық қабылдауымен шектесем, ешқашан да адаспаймын. Адасу айқын да анық қабылдаудан бұрын асығыс тұжырым жасағанымда ғана пайда болады. «Толғаныстардың» интеллектуалдық жаттығуларының бәрі оқырманның айқындық пен анықтық болмаған сәтте пікір қалыптастыруын тоқтатуына мүмкіндік беруге бағытталған.

Декарттың әдісіне қарсы екінші пікір «Декарт шеңбері» деген атпен белгілі. Төртінші қарсы пікірдің авторы Антуан Арно Декарттың «Құдай – айқын да анық қабылдаудың кепілі» деп қарастыруының доға бойынша айналып келіп отыратын құбылмалы сипатын атап көрсеткен алғашқы ойшыл болды. «Құдайдың бар екеніне біз оның өмір сүріп отырғанын айқын да анық түсінгендіктен сенімді бола аламыз; сондықтан Құдайдың бар екеніне сенімді болмай тұрып біз айқын да анық қабылдайтынның бәрі ақиқат екеніне сенімді болуымыз керек.

Декарттың бұл қарсы пікірге жауабы бар, ол, бір жағынан, нақты айқын да анық түсініктердің арасындағы айырмашылықтарға, екінші жағынан, біз айқын да анық қабылдайтынның бәрі ақиқат деген жалпы қағидаға байланысты. Жеке қабылдаудың ақиқаттығына көз жеткізу үшін Құдайдың әділеттілігіне жүгінудің еш қажеті жоқ. Мен бар болып отырмын немесе екіге үш қосылғанда бес болады деген интуицияларды, оларды айқын да анық қабылдауды жалғастыра бергенімше, күмәннің тезінен өткізуге болмайды. Алайда мен осы жерде және қазір айқын да анық қабылдап отырғаным күмәндана алмасам да, Құдайдың бар екенін анықтағанша мен айқын да анық қабылдап отырғанның бәрі ақиқат деген жалпы болжамға күмәндана аламын. Ал жеке интуициялар өткен шақта болғанда, оларды күмәннің тезінен өткізуге болады. Мен екінші «Толғанысты» оқи отырып, оқиғадан кейін мен айқын және анық қабылдағанда «қандай да бір ақиқат бар ма?» деген сұрақты қоя аламын.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 18. Таным философиясы

Қарапайым интуициялар ақылдың алдында тұрғанда күмәннің тезінен өткізілмейтіндіктен, оларды анықтау үшін ешқандай дәлел қажет емес; Декарт интуиция ақиқатқа жету әдісі ретінде дәлелден асып түседі деп есептеді. Жеке интуициялар мен қазір ғана көрсеткен айналмалы әдіске ғана күмәндана алады: олар мазмұнын жария етуге байланысты қандай да бір күмәндануға жатпайды. Тек жалпы принципке және нақты қабылдауларға қатысты ғана Құдіретті шындыққа жүгіну қажет, яғни Декарттың дәйектеуінде айналмалы әдіс жоқ. Алайда «Толғаныста» ақыл өзін анықтау үшін қолданылатыны сөзсіз. Бірақ мұндай айналмалы әдіс міндетті түрде болады және ол зиянсыз.